

## **Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы бойынша жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы**

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімінің 2024 жылғы 8 сәуірдегі № 1 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабындағы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына және 50-бабындағы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 240 бұйрығына, Ырғыз ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының кезектен тыс шұғыл отырысының 2024 жылғы 6 сәуірдегі № 5 хаттамасының негізінде ШЕШТІМ:

1. Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды өткізуге төтенше жағдайлардың алдын алуға басшы етіп өзімді тағайындаймын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2024 жылдың 26 наурызынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Аудан әкімі*

*Н. Қызбергенов*